

«Карантиндік объектілермен залалданған, залалсыздандыруға немесе қайта өңдеуге келмейтін карантинге жатқызылған өнімді (жүктерді) алу және жою жөніндегі ережені бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушының 2006 жылғы 18 шілдедегі № 465 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2009 жылғы 13 қарашадағы № 652 Бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2010 жылғы 6 қаңтарда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 5989 болып енгізілді

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2012.01.17 № 10-1/18 (қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне фитосанитариялық қауіпсіздік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 17 шілдедегі Заңын іске асыру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Карантиндік объектілермен залалданған, залалсыздандыруға немесе қайта өңдеуге келмейтін карантинге жатқызылған өнімді (жүктерді) алу және жою жөніндегі ережені бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушының 2006 жылғы 18 шілдедегі № 465 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4370 тіркелген, 2006 жылғы 15 қыркүйектегі № 166 (1146) «Заң газетінде» жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

атауында және 1-тармақта «(жүктерді)» деген сөз алынып тасталсын; кіріспеде «Қазақстан Республикасының аумағын карантиндік объектілердің енуінен немесе таралуынан қорғау жөніндегі мемлекеттік шараларды» деген сөздер «Қазақстан Республикасының аумағында өсімдіктер карантині жөніндегі іс-шараларды» деген сөздермен ауыстырылсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Карантиндік объектілермен залалданған, залалсыздандыруға немесе қайта өңдеуге келмейтін карантинге жатқызылған өнімді (жүктерді) алу және жою жөніндегі ережеде:

атауында және одан әрі бүкіл мәтін бойынша «(жүктерді)», «(жүктер)», «(жүктің)», «(жүкті)», «(жүктерде)», «(жүк)», «жүк» деген сөздер алынып т а с т а л с ы н ;

2-тармақта «кіргізу пункттерінде немесе тағайындалған кедендік органдарда» деген сөздер «фитосанитариялық бақылау бекеттерінде – шекара және кеден пункттері аумағында (Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өткізетін пункттер) орналасқан, өсімдіктер карантині жөніндегі уәкілетті орган ведомствосының бөлімшелерінде (бұдан әрі – фитосанитариялық бақылау бекеті)» деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақта «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасынан өткізетін шекаралық пункттерде» деген сөздер «Фитосанитариялық бақылау бекеттерінде» деген сөздермен ауыстырылсын;

4-тармақтың екінші абзацы мынадай редакцияда баяндалсын:

«Бұл ретте өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспектор өсімдіктер карантині жөніндегі қажетті іс-шараларды жүргізу туралы нұсқау береді және карантинге жатқызылған өнімнің иелері карантиндік объектілер анықталған күннен бастап он күнтізбелік күннен аспайтын мерзімде тиісті өсімдіктер карантині жөніндегі іс-шаралар жүргізеді»;

8-тармақта «Өнімнің» деген сөздің алдында «Карантинге жатқызылған» деген сөздермен толықтырылсын;

9 - т а р м а қ т а :

«10» деген цифр «он күнтізбелік» деген сөздермен ауыстырылсын;
«түрде» деген сөзден кейін «карантинге жатқызылған» деген сөздермен толықтырылсын;

14-тармақта «және» деген сөзден кейін «оның» деген сөзбен толықтырылсын;

атаулы Ережеге қосымшаның мәтінінде толықтай мәтін бойынша:

«(жүктерді)», «(жүктің)», «(жүк)» деген сөздер алынып тасталсын.

2. Екіншілік және фитосанитариялық қауіпсіздік департаменті (Буць А.А.) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр

А. Күрішбаев

« К е л і с і л д і »

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ұ л т т ы қ қ а у і п с і з д і к

к о м и т е т і н і ң т ө р а ғ а с ы

А . Ш а б д а р б а е в

2009 жылғы 23 қараша

« К е л і с і л д і »

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Қ а р ж ы м и н и с т р і м . а .
----- Р . Д ә л е н о в

2009 жылғы 10 желтоқсан

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК